5 желтоқсан күні 6 сынып оқушыларымен «Үнемі оқитын адам – табысты адам» (Оқуға құштар мектеп) жобасы аясында кітапханашы Имагамбетова М.А. эссе жазды. Мақсаты: оқырмандарды кітапханаға тарту,кітапқа деген құрмет,сүйіспеншіліктерін қалыптастыру мақсатында өткізді.

Талап: білуге, жаңаны тануға құштар болу.Технологиялық және цифрлық дағдыларды ілгерілету.

«Жеңісімді Тәуелсіздікке арнаймын!»(«Жеткіншектің Жеті Жарғысы» жобасы) тақырыбында сынып сағаттары өтті. Сынып сағаттарында еліміздің Тәуелсіздікке жету жолындағы тарихына түсінік беріліп, тақырыптық бейнематериалдар мен презентациялар көрсетілді. Тәуелсіздік туы желбіреген жылдар ішіндегі жеткен жетістіктерді айта отырып, Еліміздің Тәуелсіздігі үшін күрескен және сол мақсаттарға жету барысында өзінің елі, халқы үшін жастық өмірін қиған аға ұрпақтың ерлік істері таныстырылды. Тарихты бағалай білуге үйрете отырып, еліне, жеріне деген сүйіспеншілігін арттыру, ұлтжанды азамат етіп тәрбиелеуді мақсат еткен сынып сағаттары өз мәресіне жетті.

Ұлттық мүдде: Қазақстан мүддесіне қызмет етуге ұмтылу.

14 желтоқсан күні «Ұлттық мектеп лигасы» жобасын іске асыру, білім алушылардың денсаулығы мен әл- ауқатын нығайтуда мектеп оқушылары арасында қазақ күресінен "Төңкеріс барысы-2023" турнирі өтті. Жүлделі орын алған оқушылар мадақтамамен марапатталып, қалалық турнирге жолдама алды. Ұйымдастырушы қазақ күресінің бапкері Жақан Д.Б.

Талап: физикалық белсенді болу,салауатты өмір салтын ұстану;

https://www.instagram.com/reel/C1I_G0uIlXZ/?igsh=M3o5MHE2a2JiY2Ux

26 желтоқсан күні «Думанды жаңа жыл» тақырыбында 1-4 сынып оқушыларына жаңа жылдық ертеңгілік өтті. **Мақсаты:** балаларға Жаңа жыл мерекесі туралы мағлұматты жетілдіру. Жаңа жыл мерекесінің қызықтарын, әдемі көріністерін тамашалау арқылы қоршаған ортаға қызығушылығын арттыру. Балаларды бір - біріне деген достық сезімге, сүйіспеншілікке тәрбиелеу. Ертеңгілікте қоян, ұлу, Аяз ата мен ақшақар кейіпкерлерінің қатысуымен өтті. Іс-шарада ән айтылды, би биледі, түрлі қызықты ойындар өткізілді. Домбыра үйірмесінің оқушылары «Келіншек» күйімен мерекені ашып берді. Ата-аналар көмитетінің төрайымы Ракишева Н.А. құттықтау тілек айтты. Іс-шараның қызықты өтуіне ата—аналар комитетінің мүшелері және «Қадам» жеке кәсіпкер Шаймерденов О.Ж. демеушілік көрсетті. Оқушыларға тәтті сыйлықтарын таратты. Мереке көңілді өтті.

5-6 сыныптар үшін «Қош келдің, жаңа жыл» тақырыбында өтті. Мереке мектеп директоры Шакиров А.Т. құттықтау сөзінен басталды. 5 сынып оқушысы Төлеген І «Жаңа жыл » әнімен ашылды. Іс-шарада оқушылар әр елдің шыршасына саяхат жасады. Саяхат жасау барысында түрлі қызықты ойындар ойнатылды. Әндер айтылды. Оқушылар өз өнерлерін көрсетіп Аяз ата тәтті сыйлықтарын табыстады. Мереке өз деңгейінде өтті.

7-11 сынып оқушылары үшін жаңа жылдық мереке 80-90 жылдардағы стильінде жоспарланып өтті. Оқушылар сол жылдардағы киім үлгісімен келіп, өз өнерлерін көрсетті. Мерекеде Аяз ата мен ақшақар кейіпкерлері қатысты. Қызықты ойындар ойнатылып, мереке соңы би кешімен жалғасты.

Целиноград ауданының мәдениет үйінде ауданның барлық округтерінен балалардың қатысуымен әкім атынан жаңа жылдық шырша мерекесі өтті. Ұйымдастырылған мерекелік іс-шараға мектебімізден әкім шыршасына қамқоршылық кеңесінің шешіміне сәйкес Мапышев Ж (6 сынып), Вегнер Д (2 сынып), Анаева А (6 сынып), Анаев А (9 сынып), Вегнер Е (9 сынып) оқушылар жіберілді. Аталған оқушыларға мерекелік іс-шарада аудан әкімінің атынан жаңа жылдық тәттілер мен қысқы куртка табыс етілді.
Аудан әкімі барлығын келе жатқан Жаңа жылмен құттықтап, балаларға қол жеткізген жетістіктерімен тоқтап қалмауға және оқуда, спортта, шығармашылықта жоғары нәтижелерге қол жеткізуді жалғастыруға тілек білдірді. Балалар ауданның қоғамдық өмірінде және оқуда өздерін одан да көп көрсететініне сенім білдірді.
https://www.instagram.com/reel/C1bfq6UtC98/?igsh=djI5Ym9ncHpuZ3kz
Астана қаласында өткен III Халықаралық балалар мен жасөспірімдер арасындағы "Golden star" өнер байқауында "Аспапта ойнау" номинациясы бойынша ГРАН-ПРИ дипломымен марапатталды.Үйірме жетекшісі Асгап Жанарбек. Домбырашылар:Аяп Ануар,Сапаралиева Жанель,Қалди Еңлік,Тулегенова Ұлпан,Зекен Айғаным.
https://www.instagram.com/p/C2ZB0O4N9Yu/?igsh=aHhpamxuOHVucnNu
19 ақтар айының «Жас Сарбаз» клубтарының арасында мектепшілік әскери іс-шара 7-9 сынып оқушылары (әр сыныптан 2 ұл және 2 қыз) арасында өткізілді.
Мақсаты:Патриоттық сезімді, белсенді азаматтық позициясын қалыптастыру.
Ұлттық мүдде: Қазақстан мүддесіне қызмет етуге ұмтылу.
Өткізілген сайыстар.
1.АК-74 макетін толық емес бөлшектеу (1 ұл 1 қыз)
2. №8 нысаны бойынша пневматикалық винтовкадан ату (2 ұл 2 қыз)
3.Газтұтқышты уақытқа кию (1 ұл 1 қыз)
4.Кеудені жерден көтеріп түсіру (2 ұл)
Жарыста жеңімпаздар грамоталармен марапатталды.
1 орын -9 сынып
2 орын- 8 сынып
3 орын -7 сынып
Іс-шараға жауапты: Сайлау Ерлік Сайлауұлы.
https://www.instagram.com/p/C2aOHU_NWB4/?igsh=ZjFsbDBibjYzanJq
23 қаңтар күні 5-7 сынып оқушылары арасында эстетикалық бірлестік айлығының аясында «Сырлы жеңге-сұлу қыз» тақырыбында жеңгелер сайысы өтті. Мақсаты қазақ қыздарына тән инабаттылық, имандылық, әдептілік тәрбиелеуде қыз жеңгелерінің де алатын орны ерекше екеніне тоқталу, ұлттық салт дәстүрді қадірлеуге, туыстық қатынас, соның ішінде жеңгесінің аларп орны мен ролін ұғынуға тәрбиелеу. 5 сыныптан жеңгесі Матова гүлмира қайынсіңлісі Аяп Аягөз, 6 сыныптан жеңгесі Жаманбаева Назкен қайынсіңлісі Анаева Алима, 7 сыныптан жеңгесі Қалдиева Салтанат қайынсіңлісі Қалди Еңлік қатысты. Сайыс 6 бөлімнен

тұрды. «Сәлем сөздің анасы»(өз тобын таныстыру), зерделінің –ойы озық(сұрақ-жауап), «шебердің қолы алтын»(ою-өрнек), «өнерпаз болсаң арқалан»(қазақтың ұлттық тағамдары, кесте тігу, сұлулық сыры(шаш үлгісі). Сайыс қорытындысы бойынша 1 орын 7 сынып оқушысы Қалди Еңлік жеңгесі Қалдиева Салтанат., 2 орын Аяп Аягөз жеңгесі Матова Гүлмира, 3 орын 6 сынып оқушысы Жаманбаева Назкен, Анаева алима алды.
https://www.instagram.com/reel/C2hDn6ZtOAH/?igsh=a3dqMzh6cHpqOHlk
26 қаңтар күні құқық бұзушылықтың алдын алу жоспарына сәйкес 7-9 сынып оқушыларымен құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында сауалнама алынды. Зерттеу мақсаты: балалар мен жасөспірімдердің өз құқықтары туралы, балалар құқықтары туралы Конвенцияның негізгі ережелері туралы сауаттылық деңгейін мониторингілеу.
Ұлттық мүдде: Қазақстанның қауіпсіздігін қамтамасыз етуге дайын болу
Ар-ұят: әдеп нормаларын ұстану.
https://www.instagram.com/p/C2jIBE2o0Zn/?igsh=MXZ0NW9lM3BxbHN6MA==
7,8,9 сынып жетекшілері жұма күнгі құқықбұзушылықтың алдын алу бойынша алынған сауалнама қорытындысы бойынша оқушылармен құқық сауаттылық туралы сынып сағатын өткізу ұсынылады. Балалар құқықтары туралы Конвенцияның негізгі ережелері туралы түсіндіру.
26 қаңтар күні 5-11 сынып оқушылары арасында “Тоғыз айға 9 іс шара “ тұжырымдамасы шеңберінде “Қазақ есебі” челлендж өтті
I-орын Жетпісбай Ғанибет
II-орын Мырзабек Мұхаммед
III-орын Имангалиева Кәусар
https://www.instagram.com/p/C2jjCSGN6aS/?igsh=MXQyd3Q4a3Y0MHk3Mw==
Өзін өзі басқару ұйымының мүшелері оқушылардың үзілістегі уақытын тиімді ұйымдастыру мақсатында"Көңілді үзіліс" коворкинг орталығында орналасқан шашки және қызықты ойындар ұйымдастырылды.
https://www.instagram.com/p/C2jlw0Mtv5F/?igsh=MXFqYmxtdzlhaTQxcw==
Біртұтас тәрбие бағдарламасының «Қалдық заттардан қажетті зат жасайық!» лайфхак 7-9 сыныптан. («Қалдық заттарға екінші өмір сыйла» жобасы)аясында оқушылар лайфхак ұйымдастырды. Сынып жетекшілері: Мврзагалиева Н.Б., Бейсенова Г.И., Сартаева С.М.
Ұлттық мүдде: Ұлттық мұраға ұқыпты қарау; Ұлттық мәдениетті дәріптеу.
Ар-ұят: Адал еңбекті құрметтеу; Өзін отбасының сыныптың, мектептің, қоғамның, Отанның бір мүшесі екенін сезіну;
Талап: Салауатты өмір салтын ұстану
https://www.instagram.com/reel/C2kHeUYN028/?igsh=MWRibGs0aWQ2NzZsZA==
30 қаңтар күні салауатты өмір салтын қалыптастыру мақсатында «Толағай» отбасылық сайысы ұйымдастырылды. Сайысқа үш команда қатысты. Олар:
5 сыныптан Бектепбергеновтар отбасы-3 орын
6 сыныптан Аяпкалиевтар отбасы-2 орын

9 сыныптан Ерубаевтар отбасы-1 орын
Ар-ұят: Отбасының өз ортасының абыройын асыру
Талап: физикалық белсенді болу
Талап: салауатты өмір салтын ұстану
Ұйымдастырушылар денешынықтыру пән мұғалімдері.
https://www.instagram.com/p/C2wMa63NRXn/?igsh=MTJqODFwYnl3cG5meg==
31 қаңтар күні Ерлік сабағы «Қожа Ахмет Яссауидың туғанына 930 жыл» ерлік сабағы 7 сыныпта өтті. Жауапты тарих пәнінің мұғалімі Ермухамбетова К.С.
https://www.instagram.com/p/C2wZSUfNMWk/?igsh=Y2hxMjB1dzF4N3pz
«Татулық- достық кілті» тақырыбында өзін-өзі басқару ұйымының мүшелері достық қолын ұсыныңыз "Досболайық" акциясын ұйымдастырды.
***Ар-ұят**: достарына, сыныптастарына, отбасы мүшелеріне қамқор болу, мейірімділік таныту.*
https://www.instagram.com/reel/C2zSiY4NPxG/?igsh=NGIwbHY5dWF6NnZv
15 ақпан күні «Жастар -2024» бағдарламасына сәйкес облыстық президенттік көпсайыс жарысында аудандық кезеңнен 8 сынып оқушысы Клишев Рүстем жүлделі 1-ші орынға ие болып, облыстық кезеңге жолдама алды. Жетекшісі Серикбол С.
https://www.instagram.com/reel/C3rckh0NZye/?igsh=MTFzaXg0ZW84dnFieQ==
26 ақпан күні Алғыс күніне орай "Туған жерім- жүрегімде !" тақырыбында шетелде тұратын қазақстандықтардың онлайн құттықтаулары. Белоруссия Республикасынан Куликова Валентина Николаевна , Татарстан Республикасынан Няркяз Замалетдинова, Германия мемлекетінен Александр Гинцтан Төңкеріс ауылының тұрғындарына арналған онлайн құттықтаулары әлеуметтік желіге жарияланды.
https://www.instagram.com/p/C32FltJNpzG/?igsh=bmpjNzEyMHNjYTFi
26 ақпан күні 2-4 сынып оқушылары «Ризашылық мейірімділік бұлағы» тақырыбында сәндік қолданбалы көрме ұйымдастырылды. Көрмеге 3 сынып оқушылары белсене қатысты. Олар Тева Самал., Ракишева А. Өзін-өзі басқару ұйымының қатысуымен мектеп дәлізі безендірілді.
https://www.instagram.com/p/C32F2_1tMNv/?igsh=MTBoOW5rcDFhaXh5YQ==
Ауылымыздың құрметті азаматы, көп жылдан бері мектепке қолдау көрсетіп келе жатқан "Қадам ЖШҚ" басшысы Қожабаев Медет Ыдырысұлы бүгінгі күні қазақ күрес үйірмесіне мектеп оқушыларына күрес кілемін сыйға тартты.

https://www.instagram.com/reel/C3rxpSwtCX1/?igsh=eGR4cWI1MGEzbDlw
Алғыс айту – мейірімділік, достық, ризашылық, азаматтардың бір-біріне деген сүйіспеншілігі сияқты адами құндылықтардың артуына түрткі болады. 29 ақпан «Алғыс айту парызың .....» шығарма байқауы өтті. Байқауға 5-6 сынып оқушылары қатысты. Байқау қорытындысы ең үздік шығарма 5 сынып оқушысы Имангилиева А., Аяп Аяна., Бекболатқызы Ә., Имангалиева Каусар.
https://www.instagram.com/p/C361MOHtDDW/?igsh=cXFia3ZrNDg5cjh3

Кітап оқу мен кітапханаларды қолдау – қоғам дамуының басты міндеттерінің бірі екенін ескере отырып, Төңкеріс ауылының ЖОББМ кітапхана қорын әр саладағы көркем әдебиеттермен толықтыру,жас оқырмандарға қазақ әдебиетінің кітаптарын насихаттау,жастарды рухани және патриоттық тәрбиеге баулу,оқырмандарды кітап оқуға тарту мақсатымен «Кітапханаға кітап сыйла!» акциясы өтті. Акцияға мектеп оқушылары белсенділік танытып өздерінің оқыған кітаптарын сыйға тартты.

https://www.instagram.com/p/C344RQLNisN/?igsh=MWtwZXV4cTF2bGF0dQ==

Алғыс күнін мерекелеу аясында "Алғыс айту -адамгершіліктің белгісі" тақырыбында сынып сағаттары өтті. Мақсаты рухани-адамгершілік құндылықтарды дамыту. Мейірімділік, достық, ризашылық, азаматтардың бір-біріне, Отанға деген сүйіспеншілігі, қарапайымдылық сияқты адами құндылықтарды дәріптеу.

https://www.instagram.com/p/C39yl1ptyQk/?igsh=ZWdsaTdydTgxOGl3v

Алғыс айту күнін мерекелеудің символдық дәмі "Құрт" деп белгіленген. Осыған орай оқушыларға қазақ халқының ұлттық тағамы-құрт үлестірілді.

https://www.instagram.com/p/C3-c86xtzFk/?igsh=b2kxanlpZzRxYXVy

7 наурыз күні «Қыз еркем, анасымен көркем» тақырыбында мерекелік концерт өтті.Ұйымдастырушылар өзін-өзі басқару ұйымы. Мектеп Президенті Акшалов Б қатысумен мектеп ұстаздары мен қыздарын таңертең құттықтау ашықхаттарымен қарсы алды. Мектеп іші тақырыпқа сай безендірілді. Мерекелік концертке әжелер, апалар, аналар шақырылды. Концертте ана тақырыбында әндер айтылып, күй тартылды. Бастауыш сынып оқушылары «Ана» әнімен хор, «Сарыарқа» ансамблі «Әлқисса» күйін, 3-4 сынып оқушылары «Келіншек» күйіне 3 сынып оқушылары қазақша би биледі. 5 сынып оқушысы Аяп Аяна «Анаға хат», Төлеген Інжу «Қазақ қызы», 4 сынып оқушысы серік Айғаным «Саржайлау» әнін орындады. Мерекелік концерт өз деңгейінде өтті.

https://www.instagram.com/p/C4Nwn0VtA3L/?igsh=anIydmJvdTJ5enZt

14 наурыз күні Көрісу күні. Бұл күнді Амал мерекесі деп те атайды. Адамдар осы күні бұрынғы өкпе-ренішін кешіріп, бір-біріне амандық-саулық тілейді. Көрісу күнінде жасы кіші адам үлкен кісінің үйіне барып көрісіп шығады. Міндетті түрде кем дегенде үш үйдің есігін ашу керек деген ырым бар.

https://www.instagram.com/reel/C4hclqVtCTP/?igsh=MzZsNjNrOHFoNm9m

15 наурыз күні «Жарқ ете қалсам, найзағай болып...» сынып сағаты.Талап: білуге, жаңаны тануға құштар болу;

Ұлттық мүдде: Қазақстан мүддесіне қызмет етуге ұмтылу

https://www.instagram.com/p/C4hyXJkNtRw/?igsh=ZDNmMmZuYjBpNHBx

15 наурыз күні қайырымдылық күніне орай «Қазақстан халқына» қоғамдық қоры жергілікті әкімдіктердің қолдауымен биыл маусым айынан бастап 5-8 сыныптардың 20 мың оқушысын жаздық демалыс лагерьлерге жіберуді жоспарлап қойды. Біздің мектебімізге 4 жолдама тиесілі болды. 15 наурыз

қайырымдылық күніне орай Арайлы ауылдық округі әкімінің міндетін атқарушы Байбосынова Толеубике Газизовна жолдама табыстады.
https://www.instagram.com/reel/C4hoR2kNDb8/?igsh=MXE1amZ1MGxqNnVwdw==

11-13 наурыз күндер мектеп медбикесі Кикимова М.Ф "Біз туберкулезді жеңеміз!" ұранымен 2-11 сынып оқушыларына туберкулездің алдын алу бойынша сынып сағаттары, диктант, суреттер байқауы өткізді. Оқушыларға ақпараттар мен түсіндірме жұмыстары жүргізді.
https://www.instagram.com/p/C4hwnJatjQP/?igsh=MTloc21heTN6Ymp3NQ==

Наурыз мейрамы — ежелгі заманнан қалыптасқан жыл бастауы. Күн мен түн теңеліп, жердің тоңы жібитін шақ. Табиғат ана босанып, тіршілік біткенге нәр енетін сәт. Сол себепті де ежелгі жыл санауда наурыз айы жылдың бастауы деп есептелген. Жақсылықтың жаршысы, жаңа жылдың бастауы-Наурыз мейрамы туған жер топырғаына құт-береке әкелсін!

Ұлттық мүдде: *Ұлттық мәдениетті дәріптеу;*
Ар-ұят*: Әдеп нормаларын ұстану;*
Талап*: Сыни және креативті ойлау;*
https://www.instagram.com/p/C4pwIlAoHXh/?igsh=MWJ5d2RucW1iOW9h

18 наурыз Ұлттық киім күні «Ұлттық киім ұрпаққа аманат»
Ұлттық киім-қазақ халқының мәдени мұрасының бір бөлігі Ұлттық киім – бай тарихи – мәдени мұра, оны зерттеу бізді өткен ғасырларды әдет –ғұрып, салт-дәстүр халықтың хал-ахуалынан кең көлемде жан –жақты хабардар етеді. Қазақ халқының кимі басқа ұлттардан өзгеше өзіндік қасиетке толы. Мұның басты себебі: қазақ халқының табиғат төсінде өсіп, еркін ғұмыр кешуімен байланысты.
Ұлттық мүдде: Қазақстанның оңтайлы имиджін қалыптастыруға белсенді үлес қосу;
Қазақстан мемлекеттілігін нығайтуға атсалысу;
https://www.instagram.com/p/C4pl00hoSre/?igsh=MXJ3Yzg4bTR4a2xtNw==

19 наурыз күні «Ұлттық қолөнер» көрме ұйымдастырылды. «Төрт тоқсан – төрт өнер»жауапты Мальгаздарова А.С.
Ұлттық мүдде: *ұлттық мұраға құқытты қарау;ұлттық мәдениетті дәріптеу;*
20 наурыз күні «Қош келдің, әз-Наурыз» мерекелік концерт ұйымдастырылды.
Ұлттық мүдде: *Ұлттық мәдениетті дәріптеу;*
Ар-ұят*: Әдеп нормаларын ұстану;*
Талап*: Сыни және креативті ойлау;*
Мерекелік концертке аталар, аналар, оқушылар мен ұстаздар қатысты. Мерекелік концертте оқушылар ұлттық тағамдардан дастархан жайып, өз өнерлерін көрсетті. Мерекелік концертте 1-сынып оқушыларының «Әз-Наурыз» әдеби монтажы, 2-сынып оқушыларының «Аққу»би , 4 сынып оқушысы Серік А «Наурыз»әні ,5-7 сынып оқушылары салт дәстүрден көрініс,6 сынып оқушылары «Жарапазан» айтылып, аналар ауылы салт дәстүрден көрініс, аталар ауылы бата беріп, наурыз

көже таратылып, көтеріңкі көңіл күйде мерекелік концерт өтті. Іс-шараның екінші бөлімі спорттық және ұлттық ойындармен жалғасты.
Ұлттық спорт түрлері өмір сүру салты, адам өмірі, еңбегі, ұлттық негіздер, арнамыс, батылдық, күш-қайрат, ептілік, төзімділік және жылдамдық сияқты қадір-қасиеттерді бейнелейді. Онда көшпелі тұрмыстың рухы бар, күш-қайрат, ептілік дамудың кілті саналатын. Осыған орай мерекелік концерттің екінші бөлімінде қол тірес, қазақша күрес, арқан тарту ойындары ойнатылды.
Қазақстан Республикасы оқу-ағарту министрлігінің ұйымдастыруымен өткізіліп отырған «Күй күмбірі» домбырашылар челленджі аясында «Төңкеріс ауылының ЖОББМ»КММ Құрманғазы Сағырбайұлының «Адай» күйін орындады.Жетекшісі Асгап Жанарбек. Ұлттық ойындардың өтілуіне демеушілік көрсеткен Қадам НС жеке шаруашылық қожалығы басшысы Қожабаев М.Ы.
https://www.instagram.com/reel/C4ua6uutwl0/?igsh=MXVrNjlqaG9oMWh5cg==
15 наурыз күні Талапер ауылында Жошы ұлысының 800 жылдық, Біржан сал Қожағұлұлының 190 жылдық, Балуан Шолақтың 160 жылдық, мерейтойларына арналған «Ақмола жұлдыздары» аудандық көркемөнерпаздар халық шығармашылығы байқауына қатысып үздік өнер көрсеткені үшін «Сарыарқа» ансамблі лауреат атанды.
3 сәуір күні «Төрт тоқсан-төрт өнер» ұлттық мәдени-ағартушылық жобасының шеңберінде «Шахмат ойнау» челленджі ұйымдастырылды.
https://www.instagram.com/reel/C5TSqJXN0mb/?igsh=NnBpZGw4cXJib3ph
4 сәуір күні «Қоқыстың екінші өмірі» (қалдық заттарға екінші өмір сыйлау)
Ар-ұят: *Адал еңбекті құрметтеу*

Ұлттық мүдде: *Қоғам игілігі үшін қызмет ету*

https://www.instagram.com/p/C5fnBP-tG1H/?igsh=dHN4YTFkenVuYmdj
12 сәуір Ғылым және космонавтика күніне орай көрме ұйымдастырылды. Көрмеге 1-4 сынып оқушылары қатысты.
Талап: білуге, жаңаны тануға құштар болу.
https://www.instagram.com/s/aGlnaGxpZ2h0OjE3OTk2OTU4MzE0NjE0NDc3?story_media_id=3344470130103361586&igsh=MXh4anQxajQxbndreA==
10.04.2024 жылы қала және аудан мектептері мен колледждерінде жалпы диктант өтті. Диктант әйгілі ғалым Қаныш Сәтбаевтың туғанына 125, даңқты батырлар Сағадат Нұрмағамбетов пен Рақымжан Қошқарбаевтың туғанына 100 жыл толуына орай ұйымдастырылды.
https://www.instagram.com/p/C5koLe3N57I/?igsh=NDNnYWVrb2x5amsy
Бүгінгі күнгі қоғамның алдында тұрған басты міндеттердің бірі - балалар мен жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын-алу, кәмелетке толмағандар арасындағы қылмыстың өсуіне жол бермеу. Сәуір айының 13 күні мектепішілік жоспарға сай 5-9 сынып оқушыларымен құқықбұзушылықтың алдын алу мақсатында Арайлы ауылдық учаскелік инспекторы Узакбаев А.А., Аукиров Т.Т.қатысуымен әңгімелесу өткізілді. Оқушыларға жазғы демалыс кезіндегі қауіпсіздік,зорлық –зомбылықтың алдын алу, түнгі жүріс, қылмыстық

жауапкершілік, электронды темекінің зияны,су және жол қауіпсіздігі туралы түсіндірме жүргізілді.

Ұлттық мүдде: *Қазақстанның қауіпсіздігін қамтамасыз етуге дайын болу.*

Ар-ұят: *халқына адал қызмет ету*

Талап: *салауатты өмір салтын ұстану.*

https://www.instagram.com/p/C5k7FhtNTXA/?igsh=MXAzaGd6Yjhwanlw

2024 жылдың 11 сәуірінде Астана қаласы А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия Гуманитарлық институты 9-11-сынып оқушыларымен кездесу өткізді. Кездесуге А.Қ.Құсайынов атындағы ғылыми-зерттеу орталығының директоры ф.ғ.к. доцент Дауренбекова Л., ЕАГИ қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының меңгерушісі философия докторы (PhD) доцент Әлімбаев А.Е. қатысты. Жоғары сынып оқушыларын жиі толғандыратын мәселелердің бірі – мамандықты таңдау екендігін айта кетіп, тарих, құқық, қазақ тілі мен әдебиеті, педагогика және психология, шет тілі мамандары бар екенін атап өтті. Болашақ талапкерлерге грант игеру, гранттың шекті балдары аталып өтті.

Талап: Білуге, жаңаны тануға құштар болу

Ар-ұят: Әдеп нормаларын ұстану

Ұлттық мүдде: Қоғам игілігі үшін қызмет ету

https://www.instagram.com/p/C5nbH6XNwMH/?igsh=MWU1cW40eHM5amVxZw==

18 сәуір күні «Таза аула – таза ауа» бейсенбілік өтті.«Тазалық сізден және сізді қоршаған ортадан басталады» демекші, мектеп оқушылары мен сынып жетекшілері белсене ат салысты.

Ұлттық мүдде: қоғам игілігі үшін қызмет ету.

https://www.instagram.com/reel/C557S1KtP_H/?igsh=MTF3djJodGw3YnVwdQ==

Астана қаласында өткен«БАЛА ШАБЫТЫ»халықаралық конкурс жобасы «NEW STARS»дарынды балалар мен жастарға арналған байқауға домбырашылар қатысып «Аспаптық өнер» номинациясы бойынша "Әке толғауы" күйін орындап 1 дәрежелі дипломмен марапатталады.Үйірме жетекшісі: Асгап Жанарбек. Қатысушылар:Тлех Алдияр, Мапышева Жанайым ,Серік Айғаным ,Елубаева Динура ,Аяпкалиева Айару.

https://www.instagram.com/p/C5_fHBCtDBQ/?igsh=eWNjYTJrZHJpNmU5

30 сәуір күні «1мамыр – Қазақстан халықтарының бірлігі күні!» ұлттық тағамдар фестиваль ұйымдастырылды. Оқушылар әр ұлттың ұлттық тағамдарынан дастархан жайды. 1 сынып түрік, 2 сынып корея, 3 сынып өзбек, 4 сынып қазақ, 5 сынып молдова, 6 сынып неміс, 7 сынып орыс , 8 сынып неміс, 9 сынып татар халқының ұлттық тағамдарын әзірлеп әкелді.

https://www.instagram.com/reel/C6ZOqPxN-Hq/?igsh=bTd5Ym1panh5M2s2

23 сәуір күні «Үздік сынып сағатының әзірлемесі» облыстық сырттай байқауына қатысып, 3 орынға 9 сынып жетекшісі Сартаева С.М. марапатталады.

https://www.instagram.com/p/C6HCSU6tCCV/?igsh=MTk1eDc2c3FzNDQ1MQ==

3 мамыр күні оқушыларға Ұлы Отан соғысымен, қазақстандықтардың ерлік істерімен таныстырып, ой-өрісін дамыту,оқушыларды адамгершілікке, Отанын сүюге, оны қорғауға баулу, отанға деген сүйіспеншілікті арттыру патриоттық сезімге баулу мақсатында тәрбие сағаттары өтті.

https://www.instagram.com/p/C6gBNPFN44r/?igsh=MTdveGFoMzBiZmN6eg==
6 мамыр күні Мемлекет басшысы Қ.Ж.Тоқаевтың бастамасымен «Таза Қазақстан» республикалық экологиялық акциясы басталды. «Төңкеріс ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» КММ 9-11-сынып түлектері қарағай ағаштарын отырғызды.Табиғатқа деген сүйіспеншілікті сөзбен емес, іспен білдіретін игі істердің бірі - ағаш отырғызу.
https://www.instagram.com/reel/C6ngzZ3NTNz/?igsh=am1oNW11NXduZzly
#таза_қазақстан
7 мамыр Отан қорғаушылар күніне орай қыздарымыз ұлдарымызды таңертең тәтті сыйлықтарын беріп қарсы алды. Құттықтау тілектер айтылды.
6 мамыр күні Қараменді орта мектебінде аудандық «Бақытым-Отаным» пікірсайысына тәлімгер Жақан Д.Б. қатысып, жүлделі 1 орынға ие болды.
https://www.instagram.com/p/C65sXkjtTSB/?igsh=enJsc2drN2F5Z214
11 мамыр күні Целиноград ауданы білім бөлімінің ұйымдастыруымен мектеп ұстаздары арасында қазақ күресінен «Алтын белбеу» аудандық турнирде үйірме жетекшісі Жақан Д.Б. 3 орынға ие болды.
https://www.instagram.com/p/C65skDwN6EF/?igsh=MmR0Ym9uNGZvZGc3
23 мамыр күні сыныптық ата-аналар жиналысы онлайн өтті. Тақырыбы: «Жолда жүру ережелері» ата –аналарға кеңес. Сынып жетекшілер ата-аналарға баланың денсаулығы мен өмір қауіпсіздігіне ата-аналар басты назарда ұстау ескертілді. Үнемі жолда жүру ережесі туралы айтылып, ескерту сұралды. Онлайн жиналыста жолда жүру ережесі туралы видеороликтер, кеңестер мен жадынамалар үлестірілді.
17 мамыр күні Целиноград ауданы білім бөлімінің ұйымдастыруымен «ЖҚИ-2024» жас қозғалыс инспекторларының аумақтық байқау слеті Родина ауылында өтті. Байқау кезеңдері: «Шеру көрсету», «Жас тәртіпті», «Жол қозғалысы ережелерінің белгілері», «Жас жол реттеуші», «Үздік велошабандоз», «Үгіт-насихат тобының иегері», «Үздік бейнеролик». Нәтижесінде 7-8 сынып оқушылары жол қозғалысы жас инспекторларының аудандық байқауына қатысып 3 орынға ие болды.
https://www.instagram.com/reel/C7EyYS5NTze/?igsh=azRxOXVlZG5zMWJk
24 мамырда «Білімім – Отаныма!» жалпыреспубликалық бірыңғай тәрбие сағаттары өткізілді. Тәрбие сағатына барлық білім алушылар қатысты (1-10 сынып). Тәрбие сағаты Әнұранмен басталды. ҚР Оқу-ағарту министрінің жалпыреспубликаның білім алушыларына құттықтау сөзін тыңдап, республика бойынша балаларының жетістіктері туралы видеоролик қойылды (сілтемесі алдын ала жіберілді).Сонымен қатар, алдын ала түсіріліп дайындалған әр

сыныптың балаларының жыл бойы халықаралық, республикалық, облыстық, аудандық білім жетістіктері мен тәрбие тағылымы бойынша бір минуттық бейнеролик көрсетілді.
https://www.instagram.com/reel/C7WKoiftSSo/?igsh=MXUxNTdmNW01dHdteA==
Мектеп бітіруші түлектер үшін **«Мектебім, саған мың алғыс!»** тақырыбындағы мектеп бітірушілер іс-шарасы 25 мамырда сағат 10.00 –де басталды. Мерекелік іс-шара қонағы ардагер ұстаздарымыз, Арайлы ауылдық округінің әкімі Айтимбетов З.К., «Қадам» ЖШҚ басшысы Қожабаев М.Ы., Целиноград ауданы тілдер орталығының директоры Жылкыбаев Жакия Абаевич қатысты. Іс-шара шарлар, жалаушалар, үлкен қоңыраумен безендірілді. Мектеп түлектері ата-аналарымен шықты, ән, вальс орындалды. Мерекелік іс-шара 1-сынып оқушыларының тақпағымен ашылды. 5-сынып оқушылары Төлеген І., Аян А., «Соңғы қоңырау» әнін орындады. Үздіктер оқушылар аудандық білім бөлімнінң мадақтама қағазымен марапаттады.
https://www.instagram.com/reel/C7WKoiftSSo/?igsh=MXUxNTdmNW01dHdteA==

Ата-аналармен жұмыс

Мектептің қамқоршылық кеңесі

Мектепте ата-аналар қоғамдастығының өкілдері, жергілікті өкілді және атқарушы органдардың өкілдерінен тұратын Қамқоршылық кеңесі құрылды. Қамқоршылық кеңестің функциялары:

1) білім беру ұйымын дамытудың басым бағыттарын үйлестіреді;

2) тиісті саланың уәкілетті органына немесе білім беру саласындағы жергілікті атқарушы органға білім беру ұйымының жұмысында Қамқоршылық кеңес анықтаған кемшіліктерді жою жөнінде ұсыныстар енгізеді;

3) білім беру ұйымының бюджетін қалыптастыру кезінде ұсыныстар әзірлейді;

4) білім беру ұйымының жарғысына және ішкі қағидаларына өзгерістер және/немесе толықтырулар енгізуді үйлестіреді;

5) білім беру ұйымы таңдаған оқу жылының басталуы мен аяқталуының баламалы күндерін келіседі;

6) білім беру ұйымдарының эксперименттік білім беру бағдарламаларын келіседі;

7) тиісті деңгейдегі уәкілетті органның аттестаттау комиссиясын білім беру ұйымының басшысына біліктілік санатын беру (растау) үшін кезекті аттестаттаудан өту үшін оның жұмысының нәтижелері бойынша ұсыным хатпен қамтамасыз етеді;

8) білім беру ұйымына қайырымдылық көмек түрінде алынған қаржы ресурстарын бөлу туралы келіседі және хаттамалық шешім қабылдайды, оның мақсатты жұмсалуы туралы, демеушілік, қайырымдылық көмек көрсетудің бағыттарын, нысандарын, мөлшерлерін және пайдалану тәртібін таңдау туралы шешім қабылдайды. және басқа да көмек;

9) жыл ішінде оқу-сауықтыру орталығына жіберілген білім алушыларға кандидаттардың тізімдерін келіседі;

10) білім алушылардың, ата-аналардың немесе өзге де заңды өкілдердің құқықтары мен бостандықтарының сақталуына бақылауды жүзеге асырады, олардың құқықтарын қорғауға, білім алушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге және оларды физикалық, психикалық және өзге де зорлық-зомбылық пен кемсітушіліктен қорғауға жәрдемдеседі;

11) санитарлық-гигиеналық жағдайлардың сақталуын, тамақ өнімдерінің сапасын, ішу режимін, іргелес аумақтың жай-күйін бақылауды жүзеге асырады;

12) жылына кемінде 2 (екі) рет білім беру ұйымы басшысының білім беру ұйымының қызметі туралы есептерін тыңдайды;

13) өмірлік қиын жағдайға тап болған білім алушыларды қолдауға және материалдық-техникалық базаны нығайтуға білім беру ұйымына түсетін демеушілік қаражаттың жұмсалуын бақылауды жүзеге асырады;

14) «Тұрғын үй қатынастары туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес халықтың әлеуметтік осал топтарына жататын отбасылардан шыққан оқушыларға көмек көрсетуді ұйымдастыруға жәрдемдеседі, жетім балалар мен атаанасының қамқорлығынсыз қалған балаларды, сондай-ақ балаларды қолдау жөніндегі шараларды жетілдіру бойынша ұсыныстар әзірлейді; дарынды балалардың ерекше білім беру қажеттіліктері;

15) білім беру ұйымының әкімшілігіне сыбайлас жемқорлыққа қарсы іскимылды жүргізуге жәрдемдеседі;

16) оқу жылы ішінде 1 (бір) рет білім алушылардан және ата-аналардан немесе өзге де заңды өкілдерден жасырын сауалнама жүргізу арқылы білім беру ұйымындағы білім алушылардың оқу жағдайларына қанағаттану дәрежесіне мониторинг жүргізеді;

17) білім беру ұйымының хобби үйірмелеріне және спорт секцияларына ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың жұмысқа орналасуына жылына 1

18) (бір) рет мониторинг жүргізеді;

19) тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу процесін бақылайды;

20) педагогикалық ұжымға оқушылардың отбасымен жұмыс істеуге жәрдемдеседі және қажет болған жағдайда білім беру ұйымының әкімшілігімен бірлесіп жалпы ата-аналар жиналысын өткізеді;


21) білім беру ұйымының әкімшілігіне білім алушылар арасындағы қылмыстың, нашақорлықтың, алкоголизмнің, темекі шегудің, қаңғыбастықтың, қайыршылықтың, қорлаудың, ойынға құмарлықтың алдын алуда көмек көрсетеді;

22) білім алушылар арасында тәртіпті нығайтуға және оқытушылар, студенттер, ата-аналар немесе өзге де заңды өкілдер арасында туындайтын жанжалдарды шешуге ықпал етеді;


23) білім беру ұйымдарының қызметі мәселелері бойынша мәдени-сауықтыру іс-шараларын, конференцияларды, кеңестерді, семинарларды өткізуге жәрдемдеседі;

24) Қамқоршылық кеңестің құзыретіне жататын мәселелер бойынша заң және нормативтік құқықтық актілер жобаларын қоғамдық талқылауға қатысады.

25) 2023-2024 оқу жылында Қамқоршылық кеңестің 3 отырысы өтті. Кездесулерде әлеуметтік жағынан осал отбасылардан шыққан оқушыларды тегін тамақтандыру, сондай-ақ қайырымдылық жаңа жылдық сыйлықтар беру, 8 наурыз, Отбасы күні мерекелерін бірлесіп өткізу мәселелері қаралды.







Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының жұмысы

2023-2024 оқу жылынан бастап Қазақстан Республикасы Білім министрлігінің есеп беру жиналысының хаттамалық шешімі негізінде «Республиканың орта білім беру ұйымдарындағы оқу-тәрбие процесінің ерекшеліктері туралы» Нұсқаулықәдістемелік хаты Қазақстан Республикасының 2023-2024 оқу жылында Қазақстан Республикасының барлық мектептерінде Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы (бұдан әрі – ББҰО) құрылды. ПКБО қызметі аясында «Даналық мектебі» клубының жұмысы ұйымдастырылды. Бұл жұмысты сынып жетекшілері жүргізеді. Орталықтың қызметі ата-аналардың және балалардың басқа да заңды өкілдерінің балаларды тәрбиелеу және дамыту мәселелері бойынша құзыреттерін дамытуға бағытталған.

Сынып сағаттарының мазмұны орта білім беру ұйымдарындағы «Бірыңғай білім беру бағдарламасына» және балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес балалардың әлауқаты тұрғысынан ұлттық құндылықтарға негізделген.

Орталықтың негізгі мақсаты – позитивті білім беру мәдениетін дамыту арқылы қазақстандық балалардың әл-ауқатын қамтамасыз ету.

Орталықтың мақсаттары:

-ұлттық құндылықтар негізінде ата-аналарға жүйелі психологиялықпедагогикалық білім беруді ұйымдастыру;

— Қазақстанның бақытты және табысты азаматтарын тәрбиелеуде ата-аналардың құзыреттілігін дамыту;

— позитивті білім беру мәдениетін дамытуда әлеуметтік серіктестердің күшжігерін біріктіру


Ата-аналарға педагогикалық қолдау көрсету бағдарламасына сай мектебімізде АПҚО -да оқитын ата-аналарға арналған сабақтардың жоспары құрылды. Жоспарға сай ата-аналарға арналған сабақтардың өтілуі сынып жетекшілерге жүктелді. Әр айдың бірінші сәрсенбісінде сабақ кестесіне сай ата-аналармен сабақтар жүргізіледі. Ата-аналарға арналған сабақтар тақырыптары мен жоспары АПҚО әдістемелік нұсқаулықтан алынады.

Оқу жылы басында ата-аналар комитетінің мүшелерінен «Даналық» мектебі құрылды. Даналық мектебінің құрамы ата-әжелер, ата-аналардан тұрады. Даналық мектебі өскелен ұрпағымызға үлгі ретінде құрылған мәдени жүйе.

"Даналық мектебі" клубы қызметінің мақсаты— аға буынның педагогикалық әлеуетін өзектендіру арқылы ата-аналардың позитивті мәдениетін дамытуға жәрдемдесу.

Клубтың міндеттері:

- аға буынның бастамашыл және ресурстық өкілдерін позитивті ата-ана мәдениетін дамыту жөніндегі жұмысқа тарту;
- ұлттық құндылықтар мен дәстүрлерді білім берудің негізгі өзегіне айналдыруға жәрдемдесу;
- өскелең ұрпақты тәрбиелеуде халықтың ұлттық құндылықтары мен педагогикалық тәжірибесін таратуға ықпал ету.



https://drive.google.com/file/d/1pxUg7UcQgubxR2JzY6c-ncpt1Cgbpvej/view?usp=sharing

АПҚО жылдық жоспар сілтемесі

Іс-шаралар:



20 қарашада мектебімізде алғаш рет " Ата-ананың мектептегі бір сабағы" атты авторлық жобаның алғашқы қонағын қарсы алдық. 7 - сынып оқушысы Әминанұрдың анасы Маржан Төлеуғажықызы оқушыларға нарықтағы көп сұранысқа ие "капкейки" жасауды үйретті, Маржан ханым сертифицированный кулинар маман иесі! Ата-ана мен бала арасындағы байланыс, ұрпақтар сабақтастығы керемет көрініс тапты. Жоба авторы : Мусина Асия Нурлановна, педагог - зерттеуші, 7-сынып жетекшісі

https://www.instagram.com/reel/DCyOufltVye/?igsh=MWRvcXlmbzdtY285dg==

2 желтоқсан күні 7 сынып жетекшісі Мусина А.Н. ата-ананың мектептегі бір сабағы жобасы аясында «Жасөспірімдер арасындағы қатыгездіктің кең таралуы және оған әсер ететін факторлар» тақырыбында 7 сынып оқушыларымен Мырзабек Зерде Берікқызы қала психологымен кездесі өтті.
https://www.instagram.com/p/DDEQ0v-N0oK/?igsh=a3FlM2p2bDBvcWF5

"Ата-ананың мектептегі бір сабағы" жобасы жалғасын табуда. 5.12.24 күні 7-сынып оқушысы Анаева Алиманың анасы Анаева Жанна Сагитқызы "Шоппер тігу" шеберлік сабақ өткізді. Жанна Сагитқызы жеке кәсіпкер, дизайнер-модельер, көп балалы ана! Мектеп оқушыларына "Шоппер" тігудің оңай жолдарын көрсетті және 1 оқушымыз өзіне шоппер тігіп әкетті.Бұл сабақтың мақсаты - ата - ана мен балалар арасындағы қарым - қатынасты нығайту, өнерге баулу және отбасылық құндылықтарды арттыру.Өткізген :Мусина Асия Нурлановна, педагог - зерттеуші, 7-сынып жетекшісі


https://www.instagram.com/reel/DDOhT51NHET/?igsh=bDQwNWp3bnh2MGd0

Ата-аналармен тәрбие жұмысы жыл сайын жүргізіледі, оның мақсаты ата-аналарға білім беру мәселелерінде көмек көрсету, психологиялық-педагогикалық қолдау және көмек көрсету болып табылады. Бұл бағытта жұмыстың келесі формалары мен әдістері қолданылды: ата-аналар жиналысы, психологиялықпедагогикалық кеңестер, тәрбие мәселелері бойынша құқықтық дәрістер, жеке әңгімелесулер, ата-аналарды бірлескен іс-шараларға тарту және т.б.

Ата-аналарға арналған іс-шаралар саны

Оқу жылы	2022-2023	2023-2024
Жалпы ата-аналар жиналысы	2	2
Ата-ана тәрбиесі Даналық мектебі	3	3
Ата-аналардың қатысуы және сабақтан тыс шаралар	3	4

Ата-аналармен жұмыстың кең таралған түрлерінің бірі – жиналыстар. Сынып жиналыстарында қаралатын негізгі мәселелер: 1-сынып оқушылары мен бесінші сынып оқушыларының жаңа оқу жылына бейімделу мәселесі, оқу нәтижелері, 9 және 11-сынып оқушыларының емтихан мен ҰБТ-ға дайындығы, балалардың мәденисауықтыру жұмыстары, алдын алу. Жасөспірімдер арасындағы зиянды әдеттерден, студенттерді жазғы жұмысқа орналастыру, құқық бұзушылықтың алдын алу. Ата-аналар жиналысына келесі адамдар шақырылады: учаскелік инспектор, мектеп медицина қызметкері, ИДН инспекторы.



Бұл талдау орта және жоғары деңгейдегі ата-аналардың мектепке деген ынтасының төмен екендігін көрсетеді, сондықтан мұғалімдер жыл сайын ата-аналар жиналысын өткізудің формалары мен әдістерін әртараптандыруға тырысады.